

## Қала әкімінің 1993 жылғы 26 ақпандағы № 106-а шешіміне өзгерістер енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Алматы қаласы әкімінің 1998 жылғы 5 мамырдағы N 366 шешімі Алматы қалалық Әділет басқармасымен 1999 жылғы 20 сәуірде N 45 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2004 жылғы 09 маусымдағы № 3/485 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 09.06.2004 № 3/485 қаулысымен.**

Тұрғын үй-коммуналдық саланың дотациясыз жұмыс істеу ірежіміне көшуіне, тұрғын үй-коммуналдық қызметтерге арналған ақы мөлшерінің көтерілуіне және коммуналдық қызметтердің есептеу приборларының көрсетуі бойынша тұрғындармен есеп айырысу жүйесінің енгізілуіне байланысты Алматы қаласының Әкімі

### **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Қала Әкімінің 1993 жылғы 26 ақпандағы № 106 а шешіміне көлесі өзгерістер е н г і з і л с і н :

1) 5-тармак мынадай редакцияда берілсін:  
"Былай болып белгіленсін:  
- коммуналдық қызметтер (сумен қамтамасыз ету, канализация, газбен жабдықтау, элөктр энергиясымен жабдықтау, жылумен жабдықтау, қоқыстарды әкету, лифті қызметі) үшін төленетін ақы және тұрғын үйді күтіп-ұстауға арналған шығындар коммуналдық қызметтердің есептеу приборларының көрсетуі бойынша алынады, ал мұндайлар болмаған орындарда жәнә прибор арқылы есептелмейтін қызметтердің турлері үшін ақы белгіленген тарифтерге сәйкес, осы үй-жайда тіркелген және шын мәнінде тұратын азаматтардың саны бойынша алынады. егер азаматтардың осы үй-жайда тұратыны құжаттар арқылы (жалдау шарты, тіркеу талоны) расталса немесе заңда көрсетілген тәртіпке сәйкес құқықтық әдіспен (пәтерлер иелерінің кооперативтері учаскөлік инспекторларды қатыстыра отырып) белгіленсе.

Қазақстан Республикасы "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 86 бабындағы көрсетілген жағдайларға сәйкес мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындар арқылы қызмет көрсетілетін пәтәрдің (үйдің) жалдаушы- сының

немесе меншік иесінің басқа жақта тұруы және осы баспанада тұратын тұрғындардың болмауы оны осы үйдегі жалпы мүлікті күтіп- ұстау шығындарын өтеуге белгіленген мөлшерде қатысу және жылумен қамтамасыз еткені үшін ақы төлеу міндетінен босатпайды.

Алматы қаласы Әкімінің 1997 жылғы 25 тамыздағы № 442 шешімінде белгіленгеніндей, баспананы күтіп-ұстауға арналған шығындар бойынша (6-94 теңге есебімен) жеңілдіктер берерде ескерілетін, міндетті түрде ақы төлеуге келесі жұмыс түрлері жатады:

ағымдағы жөндеу - 0-75 теңге,

БАБ-ды күтіп-ұстау - 0-60 теңге,

жылыту жүйесі бойынша техникалық қызмет көрсету - 1-72 теңге.

Жиынтығы: 3-07 теңге (пайдалы алаңның I ш.м. үшін);

- мемлекеттік тұрғын үй қорының үйлеріндегі пәтерлерді күтіп-ұстау және коммуналдық қызметтер жөніндегі шығындар үшін ақы төлеу, сондай-ақ пәтерлер (үйлер) иелері тарапынан ақы төлеу келесі айдың I жұлдызына дейін жүзеге асырылады. Уақтылы ақы төлемегені үшін заңда белгіленген мөлшерде өсім алынады".

2) 7-тармақ келесі редакцияда берілсін:

"7. Баспананы күтіп-ұстауға арналған шығындар және коммуналдық қызметтерге, радионы және телефонды қоса алғанда, арналған төлемдер жинағаны, сондай-ақ коммуналдық қызметтер көрсетушілерге бірыңғай төлем құжатын өңдегені үшін, ПИК-тері, коқыстарды тасып әкетумен айналысатын ұйымдар, "Алматытелеком" ҚҒО қызмет көрсетушіге ай сайын шарт негізінде жүзеге асырады.

3) Қала әкімінің 1993 жылғы 26 ақпандағы № 106 а шешімінің 1-4, 6, 8-Ю-тармақтарының преамбуласының, Алматы қаласы Әкімінің 1996 жылғы 20 наурыздағы № 47 шешімінің күші жойылды деп танылсын.

4) Осы шешімнің орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары М.Т.Дүлқайыровқа жүктелсін

*Алматы қаласының әкімі В. Храпунов*